

«Алаш» партиясы



Орындаған: Камитжанова Аида
131 топ “Есеп және аудит”

Қарқаралы петициясының маңызы

Петициялар беру, соның ішінде **Қарқаралы петициясы**, ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси өміріндегі аса маңызды кезеңдердің бірі болды. Оларда қазақ қоғамының өмірлік маңызы неғұрлым өткір проблемалары нақты да қысқаша тұжырымдалған түрде баяндалды. Жоғары дәрежелі мемлекеттік органдардың атына петициялар жолдау қазақ халқының саяси сана-сезімінің оянып, күшейе түскенін көрсетті. Мұның өзі халықтың құқықтарын қорғауға қабілетті екенін айқын көрсетті. Патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Петициялардың мәтінін жазғандар батылдық мен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бірақ патша үкіметі петицияларда қойылған талаптарды орындауға құлық таныта қойған жоқ. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сай келмейтін еді. Солай бола тұрса да петициялық қозғалыс жағымды рөлін атқарды — *қазақтар Ресейдің I, II Мемлекеттік Думаларына депутат* болып сайланды. Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдаудың басы-қасында қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ерекше белсенділік көрсетті.

«Алаш» партиясы

(1917 - 1920)

Құрылған жылы::	<i>1917 ж. шілде</i>
Таратылған жылы:	<i>1920 ж.</i>
Идеологиясы:	<i>либерализм, антикоммунизм, антисоветтік</i>
Одақтастары:	<i>Кадеттік партия</i>
Партия баспасы:	<i>«Қазақ» газеті</i>
Партия төрағасы	<i>Әлихан Бөкейханов</i>
Штаб-пәтері:	<i>г. Семипалатинск</i>



А. Байтұрсынов, А. Бөкейханов және М. Дулатов



Әлихан Бөкейханов

Партия тарихы

Қазақ зиялылары қоғамдық сұранысқа сай партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында (1905 — 07) қолға алды. 1905 жылғы 6 тамыздағы Мемл.екеттік Дума құру жөніндегі патша манифесі басқа ұлттармен бірге қазақ еліне де депутат сайлау құқын берді.

“Алаш” партиясының обл. ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен шамамен қазанның 12-20 аралығында партияның обл. ұйымдары алдымен Семейде, кейін Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылды. Семей обл. партия к-тінің төрағасы болып Халел Ғаббасов, Омбы обкомының төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев, ал Торғай обкомының төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Партияның арнайы съезін шақырып, басқару орындарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге уақыттың қолайлы жағдайдың болмауынан Орталық комитет құрылмады. I-жалпықазақ съезі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат есебінде тіркелген топ партияның басқарушы ұйтқысы болды.

1917 жылы 21-28 шілдеде Бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл сиезде 14 мәселе қаралды. Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз:

- 1) Мемлекет билеу түрі;
- 2) Қазақ облыстарында автономия;
- 3) Жер мәселесі;
- 4) Оқу мәселесі және т.б.

Жер мәселесі Құрылтай съезіне қалдырылды. Күн тәртібінде айрықша мәнге ие болған дін, оқу-ағарту, әйел мәселелері және сот жүйесі болды. Бұрынғы ескі сот жүйесі таратылып, олардың орнына «Қазақ тұрмысына лайық айрықша сот құрылуға» тиіс болды. Келесі мәселе оқу-ағарту саласы: «міндетті бастауыш оқу енгізу», «бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде» жүргізілу керектігі айтылып, тіл мәселесін айрықша назарға алған және білім берудің тегін болуы талап етілген.

1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезі өтеді. Сиездегі қаралған аса маңызды мәселелер: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлт кеңесі; оқу мәселесі т.б..

1917 жылы 21 қарашада “Қазақ” газетінде “Алаш” партиясының бағдарламасының жарияланды. 10 бөлімнен тұрады. Бағдарламасы:

1. Мемлекет қалпы

2. Жергілікті бостандық

3. Негізгі құқық

4. Дін ісі

5. Билік һәм сот

6. Ел қорғау



7. Салық




8. Жұмысшылар



9. Ғылым-білім үйрету



10. Жер мәселесі



Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай Уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ұлт өміріне қатысты ең өзекті мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді.

Бұл мәселені қараған Жалпықазақ-қырғыз съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған барлық қазақ облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқан облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан барлығы **82 өкіл** қатысты. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді.

Съезд қазақ автономиясы мәселесі бойынша бірауыздан қаулы қылды:

I. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі — халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға;

III. қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады;

II. қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгісуы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын;

IV. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уакытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уакытша тұратын орны — Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алады.

Азамат соғысы жылдары Алашорда үкіметі Кеңес өкіметіне қарсы болғандықтан саяси қудалауға ұшырады. 1920 жылы Алашорда үкіметін жою жөнінде қаулы шықты. Тоталитарлық тәртіптің нығаюы алашордашылардың өміріне, ісіне араласа отырып 1937 – 1938 жылдары жаппай сталиндік репрессияға ұшырады.

1955 жылы алашордашылар ақталса да, ресми тарихтан тыс болды. Тек 1988 – 1989ж. Қазақстан Ком-к партиясының шешімімен шығармашылық мұралары жарық көрді.

**Назар
аударғаныңызға
рахмет!!!**